№40
(7934)

аудандық қоғамдық-саяси газет

11 қазан
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ЖЕТІ ҚАҒИДА

АСТАНАДА ХАЛЫҚТЫҚ КОАЛИЦИЯНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ ҰСЫНУ ТУРАЛЫ ҚОЛДАУШЫЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ. ЖИЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ ТҮРЛІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ АЛДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУҒА ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫН ЛАЙЫҚТЫ ДЕП ТАПТЫ.
AMANAT, «АҚ ЖОЛ», «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ» СЕКІЛДІ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ЖӘНЕ 30-ДАН АСТАМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМНЫҢ АТЫНАН ЕКІ МЫҢНАН АСТАМ ӨКІЛ ҚАТЫСҚАН ХАЛЫҚТЫҚ КОАЛИЦИЯ ФОРУМЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СӨЗ АЛЫП, ӨЗІНЕ СЕНІМ АРТҚАНЫ ҮШІН ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ.

Алқалы жиында Қасым-Жомарт Тоқаев ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атап өтіп, ел азаматтарының алдында тұрған мақсат-межені тізбелеп берді.
«Мен ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атап өткім келеді.
Бірінші. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Мен былтыр осы тұжырым туралы арнайы мақала жарияладым. Біз егемендігімізді сақтай алсақ қана, ұлт болып, ел болып тұра аламыз. Тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қалады. Сондықтан тәуелсіздік — біз үшін ең басты құндылық. Тәуелсіздікті қорғау және нығайту — әрбір азаматқа, бәрімізге ортақ міндет! Тағы да қайталап айтамын. Дамыған, өркениетті ел боламыз десек, еңбекті ең басты орынға қоюымыз керек. Еңбекқорлық өскелең ұрпақтың бойына сіңген қасиет болуға тиіс. Бұл қасиет біздің өмір салтымызға айналуы керек. Масылдық ниеттен, бос сөзден арылуымыз қажет. Тәуелсіздікті нығайтуға нақты іспен үлес қосу — әр азаматтың перзенттік парызы. Еңбек адамы біздің қоғамда қашанда құрметке ие болады. Себебі еңбекқор адам өз сөзін әрдайым іспен дәлелдей алады», — деді Президент.
Екінші қағиданы жер тұтастығы деп атаған Мемлекет басшысы: «Елдіктің негізі — жеріміздің тұтастығы. Бабаларымыз ұрпағына ұлан-ғайыр жерді мирас етті. Біз оның бір уыс топырағына дейін қастерлеп, атамекенімізді қорғай білуіміз керек», — деп атап өтті.
«Үшінші. Мемлекет мүддесі — қастерлі құндылық. Ауылдан Ақордаға дейінгі шешімнің бәрі осы тұрғыдан қабылдануы қажет. Бір сөзбен айтсақ, әр істе мемлекеттік ұстаным болуы керек. Мемлекет мүддесі дегеніміз — халықтың мүддесі. Сондықтан барлық шешімдер, жобалар, заңдар мен жарғылар ел мүддесін қорғауға арналады. Туған елге жанашырлық әр азаматқа тән қасиет болуға тиіс», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.
«Төртінші. Рухани үндестік — бірліктің бастауы. Төл тарихымыз, ана тіліміз бен ата дініміз — елді біріктіретін бірегей құндылықтар. Оны дау-дамайға айналдыруға болмайды. Жұртты адастырып, теріс жолға салудан сақтанған жөн. Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың мақсаты — бір, болашаққа деген көзқарасы — ортақ. Бәріміз — бір елдің азаматтарымыз. «Әралуандық арқылы — бірлікке» қағидаты ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Біз этносаралық татулықты сақтай білуіміз керек. «Қазақстан азаматы» деген ұғым жалпыұлттық бірегейліктің өзегі болуы қажет. Сонда біртұтас ұлт ретінде келешекке сеніммен қадам басамыз», — деген ел Президенті бесінші қағиданың заңға сүйенетінін айтты.
«Бесінші. Заңдылық пен тәртіп — өркениетті ел болудың кепілі. Заң талаптары барлық салада мүлтіксіз орындалуға тиіс. Заң алдында бәрі тең. Заң алдында бәрі бірдей жауап береді. Сонда ғана біз заңы мүлтіксіз орындалатын, тәртібі қатаң сақталатын Әділетті мемлекет құрамыз», — деді бұл жайында Қ.Тоқаев. «Алтыншы. Жасампаздық — жаңару мен жаңғыру жолы. Біздің басты мақсатымыз — Отанымызды өркендету, мемлекетімізді дамыту. Озық білім мен қажырлы еңбек қана елді табысқа жеткізеді. Бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір ғылым экономиканы жедел алға жетелейтін алып индустрияға айналды. Қазақстан жаһандық экономикадағы үрдістерге сай болуға тиіс. Бізге де осы ғылыми-технологиялық жаңашылдықты әкеліп, өндіріске қосатын жаңа әрі білікті мамандар керек. Біз оларға қажет жағдайдың барлығын жасаймыз. Себебі, адам капиталы ең құнды байлығымыз. Мұны уақыт және тәжірибе дәлелдеді. Осылайша, Қазақстан инновацияның, жаңа технологияның, тың идеялардың, ауқымды капиталдың орталығы болуға зор мүмкіндігі бар», — деп атап өтті Мемлекет басшысы.
«Жетінші. Достық пейіл, мейірімділік және жанашырлық — ең асыл қасиеттер. Қазақта «Сыйлассаң — сыйлы боларсың» деген сөз бар. Ағайынның татулығы мен жанашырлығы — ел бірлігінің түп қазығы. Елдің тұтастығы қарапайым адамдардың өзара түсіністігінен басталады. Халқымыз бәрін де ақыл-парасатпен шешкен. Бұл дәстүрді ұмытпауымыз керек. Аға буын осы игі дәстүрді насихаттауы қажет. Жалпы, ортақ жетістіктер ұлттың мерейін өсіреді. Біз бір-бірімізге қашанда тілектес болуымыз қажет. Талапты, дарынды азаматтарды қолдай білуіміз керек. Әр отандасымыздың табысына қуанып, қиындықтарды бірге еңсеруге тиіспіз. Халқымыз «Ұйымдасқан ұтады» деп бекер айтпаған. Бірлігімізді бекемдей білсек, елдігімізді сақтап қаламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз», — деген Мемлекет басшысы демократия, заң үстемдігі және теңдік қағидаттары сақталатын мықты мемлекет болатынымызға нық сенім білдірді.
«Бұл біздің қолымыздан келеді. Себебі айқын мақсатымыз, нақты бағдарымыз бар. Жасампаз және отаншыл халқымыз бар. Тәуелсіз елдің ойы еркін, рухы азат ұрпағы өсіп келеді. Біз түбегейлі өзгерістің бәрін өскелең ұрпақтың болашағы үшін жасап жатырмыз. Баршаңызды елімізді бірге көркейтуге шақырамын! Өйткені біздің Отанымыз — бір, мемлекетіміз — бір, халқымыз — бір. Әрдайым бірге болайық! Қасиетті Отанымыз — Қазақстанымыз жасай берсін!» — деген Мемлекет басшысы осылайша ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы айқындап берді.
Сөзін өзін қолдаған халыққа ризашылық білдірумен жалғастырған Мемлекет басшысы: «Мен бұған дейін Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермей, саяси тұрғыдан бейтарап болу қажеттігін айттым. Осы ұстаным өзгермейді. Баршаңыз ұсынған ортақ кандидат ретінде Президент сайлауына түсу — мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Маған сенім артқандарыңыз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін», — деді.
Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ елімізде саяси, әлеуметтік, құқықтық және басқа да маңызды жүйелерін түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар жүргізіліп жатқанына тоқталып: «Бұл реформалардың бәрін сіздер жақсы білесіздер. Бұл реформалар халықтың тұрмысын түзеуге, әр адамның құқығын толық қорғауға, демократиялық үдерістерді жедел жүргізуге бағытталған. Бір сөзбен айтқанда, барлығы тек халық үшін жасалып жатыр», — деді.
Форумда сөйлеген сөзінде Қ.Тоқаев Президенттің өкілеттігін 7 жылдық бір мерзіммен шектеу туралы бастамасы туралы да ойын ортаға салды. «Мен осы шешім туралы көп ойландым. Бір адамның ұзақ уақыт билікте болуы дұрыс емес деген тұжырымға келдім. Мемлекеттің тірегі — жалғыз Президент емес, бүкіл халық. Сондықтан ел басқаруға жаңа буын өкілдерінің келуі өте маңызды. Біз ұлт мүддесін қорғайтын және халыққа адал қызмет ететін азаматтарға жол ашуымыз керек. Нағыз мемлекетшіл, отаншыл, білікті тұлғалар жұртты жасампаз істерге жұмылдырып, Қазақстанды өркендете алады. Осы ұстаным мызғымас қағидатымыз болуға тиіс.
Біздің басты мақсатымыз — Отанымызды өркендету, мемлекетімізді дамыту. Озық білім мен қажырлы еңбек қана елді табысқа жеткізеді. Бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір ғылым экономиканы жедел алға жетелейтін алып индустрияға айналды. Қазақстан жаһандық экономикадағы үрдістерге сай болуға тиіс. Бізге де осы ғылыми технологиялық жаңашылдықты әкеліп, өндіріске қосатын жаңа әрі білікті мамандар керек. Біз оларға қажет жағдайдың барлығын жасаймыз. Себебі адам капиталы — ең құнды байлығымыз. Мұны уақыт және тәжірибе көрсетті. Осылайша Қазақстанның жаңа технологияның, тың идеялардың, ауқымды капиталдың орталығы болуға зор мүмкіндігі бар», — деді Президент сөзін түйіндеп.

Оралхан АХМАДИЯ,
«Egemen Qazaqstan» газеті.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ҚАЗАН АЙЫНДА БАСТАУ АЛАДЫ

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы Ақтөбе облысында бұған дейін жоспарланғандай 2023 жылдан ерте басталады. Бұл туралы облыс әкімі Ералы Тоғжанов Байғанин ауданына жұмыс сапары барысында мәлімдеді.
«Жалпы бұл мәселе бірнеше күн бұрын шешілді. Жобаны осы айда бастаймыз деп шешім қабылдадық. Оған ең төменгі жұмыспен қамтылған ауылдар кіреді», – деді өңір басшысы.
Жобаға қатысу өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың табысын орта есеппен үш есеге-145 мың теңгеге дейін арттырады деп күтілуде. Алдын ала мәліметтер бойынша, бағдарлама аясында ауыл тұрғындары жалпы сомасы 643 миллион теңгеге 223 жобаны іске асырады. Олар жеке қосалқы шаруашылықтарында егін, мал шаруашылығын дамытуға және өз кәсіптерін ашуға 2,5 пайыздық жеңілдікпен несие алады. Несие беру рәсімі барынша жеңілдетілген.
«Еліміздің тарихында тұңғыш рет жоба ауылдық үйді кепілді жылжымайтын мүлік ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Әрбір жеке қосалқы шаруашылық – бұл ең алдымен отбасы, сондықтан олардың кірісі 2-4 есеге ұлғаяды. Бір қызығы, біз жұмыссыздық мәселесін сөз еткенде, әрқашан экономикалық белсенді халықты есептейміз, ал бұл жобада еңбекке қабілетті халық, яғни зейнеткерлікке шыққан адамдар санаты да қосылады», – деп атап өтті облыс әкімі.
«Мен Ойыл ауданында жеке шаруашылығы бар отбасы 18 тонна көлемінде өнім алатынын көрдім. Ең маңыздысы –бұл табыс пен жұмыспен қамтуды арттыру ғана емес, сондай-ақ жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі. Ол өте маңызды», – деді аймақ басшысы.
Ол «Ауыл аманаты» халықтың ауылдан кетуін азайтуға, сондай-ақ қаладан жақсы өмір іздеп кеткен азаматтардың туған ауылдарына оралуына ықпал ететініне сенім білдірді.

А.МӘЛІКҚЫЗЫ.

АУДАН ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУІ БАСТАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес өткен сәрсенбі аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың ауыл тұрғындарымен кездесуі Екпетал елді мекенінде басталды. Әр тоқсан сайын халықпен кездесу өткізудің басты мақсаты тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін, көтерілген мәселелер бойынша жұмыстану. Ең алдымен аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Содан соң ауылға қатысты мәселелерге тоқталды.
Ауыл тұрғындары көтерген мәселерге тоқталсақ, Ойыл-Қаратал жолына дейінгі екі шақырым жолға жөндеу, газ құбырын тартудың жай-жапсарын сұрады. Сонымен қатар жарылған бетон - бағаналардың қаупін де жеткізді. Екпетал ауылында да қазіргі таңда өзекті болған қаңғыбас иттердің адамға жүгіріп, малға шабуы ауыл тұрғындарын алаңдатып отыр.
Кездесу жиыны түстен кейін аудандық мәдениет үйінде жалғасты. Мұнда да атқарылған жұмыстарға тоқталған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы аудан тұрғындарын тазалық жұмыстарына назар аударып, малдың күтімін тұрақты ұйымдастыру керектігін жеткізді.
Аудан басшысы ауыларалық жолдар мен елді-мекендерге ауыз су, газ құбырын тарту сияқты ауқымды жұмыстар биыл да үлкен көлемде атқарылғалы отырғандығын мәлім етті.
Айтылған ұсыныс пен қозғалған мәселе күн тәртібінен түспейтіндігін және көп қаражатты қажет ететін жұмыстар алдағы жылдардың еншісінде кезең-кезеңімен шешімін табатындығын айтты.
P.S. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға толық жауап берілген соң, аудан әкімі мен мекеме басшылары азаматтарға жеке қабылдау өткізді.

Г.АБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл- Екпетал-Ойыл.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАШАҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ КАНДИДАТТАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕНІМДІ ӨКІЛДЕРІНЕ БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1.Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін 1 шаршы см. құны — 120 теңге.
2.Сайтта жариялау құны — басылымдарда орналастырылған сайлауалды үгіт материалдарының жалпы сомасының – 50 %-ы.
3.Қазақстан Республикасының Президентіне кандидаттың немесе сенімді өкілінің ұсынатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенім хаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымындағы жарияланымнан алынып тасталады.
4.Сайлауалды үгіт материалдарын бетке орналастыру (беру тәсілі) редакцияның қарауы бойынша жүргізіледі.
5.Макет жасау мен баспа бетін ұсыну үшін 100 пайыздық алдын ала төлем жасалады.
6.Сайлауалды үгітті орналастыру «Сайлау-2022» белгісімен (бұл белгі жарнамаланатын материалдың аумағында орналасуы тиіс) қоса ұсынылады. Сайлауалды үгіт материалы оны қаржыландыру көзі туралы ақпаратпен бірге беріледі.
7.Форс-мажорлық жағдайлар Қазақстан Республикасының жалпы белгіленген колданыстағы заңдарымен анықталады.
P. S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.

«Ойыл газеті» ЖШС

САЙЛАУ 2022 ЖЫЛ

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Ойыл	Ойыл ауылы Шернияз көшесі №36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
2		Екпетал ауылы Екпетал мектеп-балабақшасы, Жасыл ел көшесі № 21
3		Ақшатау орта мектебі, Ақжол көшесі № 1 а
4		Қаракемер ауылы Каракемер ауылдық клубы, Достық көшесі №3
5	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21
6		Құмжарған ауылы Құмжарған ауылдық клубы, Республика көшесі №23
7		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, Алашорда көшесі № 2
8	Коптогай	Көптоғай ауылы Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18
9		Амангелді ауылы Амангелді ауылдық клубы, Астана көшесі №16
10		Қарасу ауылы Қарасу ауылдық клубы, Алашорда көшесі №7
11		Шұбарши ауылы Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19
12	Караой	Қараой ауылы Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
13		Құбасай ауылы Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
14	Сарбие	Сарбие ауылы Сапаққөл ауылдық клубы, Жастар көшесі №13
15		Қаракөл ауылы Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10
16	Саралжын	Саралжын ауылы, Ә.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2
17		Аққемер ауылы Жамбыл мектеп-балабақшасы, Жеткіншек көшесі №7
18		Бестамақ ауылы Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1
19		Шиқұдық ауылы Шиқұдық ауылдық клубы, Мектеп көшесі №18
20		Қоңырат ауылы Фельдшерлік амбулаторлық пункті, Ойыл көшесі №1
21	Қайынды	Ақжар ауылы Саға мектеп-балабақшасы, Мектеп көшесі №8
22		Көсембай ауылы Көсембай ауылдық клубы, Орталық көшесі №10

МЕСТА, ОТВЕДЕННЫЕ КАНДИДАТАМ ДЛЯ ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ ПО УИЛСКОМУ РАЙОНУ

№	Наименование сельских округов	Места, отведенные для встречи
1	Ойыл	с. Уил, ул.Шернияз №36, Центр культуры и отдыха «Шугыла»
2		с. Екпетал, улица Жасыл ел21, Екпеталская школа-сад
3		с. Акшатау, ул. Акжол 1а, Акшатауская средняя школа
4		с. Каракемер, ул. Достык №3, Каракемерский сельский клуб
5	Ш.Берсиев	с. Каратал, ул.Ш.Берсиева №21, сельский клуб им. Ш.Берсиева
6		с. Кумжарган, ул. Республика №23, Кумжарганский сельский клуб
7		с. Карасу, улица Алашорда 2, Курмановская начальная школа
8	Коптогай	с. Коптогай, улица Казахстан №18, Коптогайский сельский клуб
9		с. Амангелды, ул.Астана №16, Амангелдинский сельский клуб
10		с. Карасу, ул.Алашорда №7, Карасуский сельский клуб
11		с. Шубарши, ул.Аксай №19, Жаксыбайколская основная школа
12	Караой	с. Караой, ул.Жаскайрат №26, Караойская школа сад
13		с. Кубасай, улица Кызылкорган 7, Кубасайская начальная школа
14	Сарбие	с. Сарбие, ул.Жастар №13, Сарбийский сельский клуб
15		с. Каракол, улица Абай 10,Каракольская начальная школа
16	Саралжын	с.Саралжын, улица Кенес 2,Саралжинская средняя школа имени А.Дербисалина
17		с. Аккемер, ул. Жеткиншек №7, Жамбылская школа сад
18		с. Бестамак, ул.Аяпберген №1, Тайсойганская основная школа
19		с. Шикудук, ул.Мектеп №18, Шикудукский сельский клуб
20		с. Коныpат, ул. Ойыл №1, Фельдшерский амбулаторный пункт
21	Қайынды	с. Акжар, ул.Мектеп №8, Сагинская школа сад
22		с. Косембай, ул.Орталык №10, Косембайский сельский клуб

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

ӨЗ САЙЛАУ УЧАСКЕҢДІ БІЛ!
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

20 ҚАРАША

ӘР АДАМНЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

CALL-ОРТАЛЫҚҚА ХАБАРЛАСУ
ЖҰМЫС УАҚЫТЫ САҒАТ 8:00 - 17:30 ДЕЙІН

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ	8(7132) 44-55-66
АЛҒА АУДАНЫ	8(71337) 41-2-85
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ	8(71339) 21-4-50
БАЙҒАНИН АУДАНЫ	8(71345) 79-0-49 (ВН 1020)
ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ	8(71342) 22-2-86
ҚОБДА АУДАНЫ	8(71341) 21-4-64
МӘРТӨК АУДАНЫ	8(71331) 21-9-82
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ	8(71333) 35-1-59
ОЙЫЛ АУДАНЫ	8(71332) 21-4-87
ТЕМІР АУДАНЫ	8(71346) 22-5-76
ХРОМТАУ АУДАНЫ	8(71336) 59-9-73
ШАЛҚАР АУДАНЫ	8(71335) 22-8-95
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ	8(71343) 79-0-60

ТЕЛЕГРАМ-БОТ @AKIMAT04BOT

2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының өткізілуіне байланысты азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу, сайлаушылар тізімін тексеру, немесе тізімдегі мәліметтерді түзету үшін және сайлау учаскелері орталықтарының орналасқан жерін нақтылау мәселелерін толық қамту үшін қала және аудан әкімдіктерінде Call-орталықтар жұмыс жасайды.

Call-орталықтың жұмыс уақыты: демалыссыз, сағат 08.00-ден 17.30-ға дейін.

Сонымен қатар, өзіңізді тізімдерде келесі телеграмм бот арқылы https://t.me/Akimat04bot тексеруге болады.

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

ӨЗ САЙЛАУ УЧАСКЕҢДІ БІЛ!
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

CALL-ОРТАЛЫҚҚА ХАБАРЛАСУ
ЖҰМЫС УАҚЫТЫ САҒАТ 8:00 - 17:30 ДЕЙІН

20 ҚАРАША

ӘР АДАМНЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ	8(7132) 44-55-66
АЛҒА АУДАНЫ	8(71337) 41-2-85
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ	8(71339) 21-4-50
БАЙҒАНИН АУДАНЫ	8(71345) 79-0-49 (ВН 1020)
ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ	8(71342) 22-2-86
ҚОБДА АУДАНЫ	8(71341) 21-4-64
МӘРТӨК АУДАНЫ	8(71331) 21-9-82
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ	8(71333) 35-1-59
ОЙЫЛ АУДАНЫ	8(71332) 21-4-87
ТЕМІР АУДАНЫ	8(71346) 22-5-76
ХРОМТАУ АУДАНЫ	8(71336) 59-9-73
ШАЛҚАР АУДАНЫ	8(71335) 22-8-95
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ	8(71343) 79-0-60

ТЕЛЕГРАМ-БОТ @AKIMAT04BOT

В связи с проведением 20 ноября 2022 года внеочередных выборов Президента Республики Казахстан, в акиматах районов и города функционируют Call-центры, где предоставляются все необходимые консультации по вопросам проверки и включения граждан в списки избирателей, либо корректировки списков избирателей и уточнения местонахождения центров избирательных участков.

Время работы Call-центра: с 08.00 до 17.30 часов, без выходных.

А также можно проверить себя в списках по телеграмм боту https://t.me/Akimat04bot

ҮШ ҮМІТКЕРДІҢ ҚҰЖАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА ТЕКСЕРІЛІП ЖАТЫР

– Қазақстан президенттігіне кандидат үш адамның құжаты тексеріліп жатыр. Бұл туралы елордада өткен брифингте Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Шавхат Өтемісов айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Қазіргі кезде 7 адамның құжаты қабылданды. Оның төртеуі ҚР президентін кезектен тыс сайлауда кандидат ретінде талаптарға сай болып шықты. Ал үш адамның құжаттары тиісті мемлекеттік органдардың қарауына жіберілген.

«Талаптарға сай келетін кандидаттардың арасында Мейрам Қажыкен, Жигули Дайрабаев, Нұрлан Әуесбаев, Қасым-Жомарт Тоқаев бар.

Ал үш үміткердің құжаттары мемлекеттік органдарда. Бұл тұрғыда Нұржан Әлтаевтің, Қарақат Әбденнің, Талғат Ерғалиевтің құжаттары қаралып жатыр», - деді Шавхат Өтемісов Орталық сайлау комиссиясында өткен баспасөз мәслихатында. Будан бұрын хабарланғандай, бүгін Нұрлан Әуесбаев Қазақстан президенттігіне кандидат ретінде талаптарға сай болды.

7 қазан күні президенттікке ұсынылған Нұржан Әлтаевтың құжаттары тексеріліп жатқаны айтылды.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Ойыл ауылы	Желтоқсан көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында) Көкжар көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында)
2	Ақшатау ауылы	Ақжол көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ақшатау орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
3	Қаракемер ауылы	Ынтымақтастық көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қаракемер мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
4	Екпетал ауылы	Жасыл ел көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Екпетал мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
5	Саралжын ауылы	Ботагөз-2 көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
6	Бестамақ ауылы	Аяпберген көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Тайсойған негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
7	Қаратал ауылы	Ж.Жүсібәлиев көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ш.Берсиев атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
8	Қарасу ауылы	Ахмет Жұбанов көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Қарасу медициналық пункті ғимаратының сол жағында)
9	Құмжарған ауылы	Бекет ата көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)
10	Қараой ауылы	Еңбеккерлер көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
11	Құбасай ауылы	Қызылқорған көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құбасай бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
12	Сарбие ауылы	Жастар көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
13	Қаракөл ауылы	Абай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қаракөл бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы)
14	Көптоғай ауылы	Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құрман орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
15	Амангелді ауылы	Бейбітшілік көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Амангелді орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
16	Қарасу ауылы	Алашорда көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қарасу негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
17	Шұбарши ауылы	Ақсай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
18	Ақжар ауылы	Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Саға мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
19	Көсембай ауылы	Орталық көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының оң жағында)

МЕСТА ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПО УИЛСКОМУ РАЙОНУ

№	Наименование населенного пункта	Места для размещения агитационных печатных материалов
1	Село Уил	улица Желтоқсан (справа от здания коммунального государственного предприятия «Уилская районная больница» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области») улица Көкжар (справа от здания государственного коммунального казенного предприятия «Уилский районный дом культуры» государственного учреждения «Уилский районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта»)
2	Село Акшатау	улица Акжол (справа от здания коммунального государственного учреждения «Акшатауская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
3	Село Каракемер	улица Ынтымактастык (справа от здания коммунального государственного учреждения «Каракемерская школа-детский сад» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
4	Село Екпетал	улица Жасыл ел (справа от здания коммунального государственного учреждения «Екпеталская школа-сад» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
5	Село Саралжин	улица Ботагоз-2 (слева от здания государственного учреждения «Аппарат акима Саралжинского сельского округа Уилского района Актюбинской области»)
6	Село Бестамак	улица Аяпберген (справа от здания коммунального государственного учреждения «Тайсойганская основная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
7	Село Каратал	улица Ж.Жусибалиева (справа от здания коммунального государственного учреждения «Средняя школа имени Ш.Берсиева» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
8	Село Карасу	улица Ахмета Жубанова (слева от здания Карасуского медицинского пункта коммунального государственного предприятия «Уилская районная больница» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области»)
9	Село Кумжарган	улица Бекет ата (справа от здания Кумжарганского сельского клуба государственного коммунального казенного предприятия «Уилский районный дом культуры» государственного учреждения «Уилский районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта»)
10	Село Караой	улица Енбеккерлер (слева от здания государственного учреждения «Аппарат акима Караойского сельского округа Уилского района Актюбинской области»)
11	Село Кубасай	улица Кызылкорган (слева от здания коммунального государственного учреждения «Кубасайская начальная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
12	Село Сарбие	улица Жастар (справа от здания государственного учреждения «Аппарат акима Сарбийского сельского округа Уилского района Актюбинской области»)
13	Село Каракол	улица Абая (напротив здания коммунального государственного учреждения «Каракольская начальная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
14	Село Коптогай	улица Мектеп (справа от здания коммунального государственного учреждения «Курманская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
15	Село Амангелды	улица Бейбитшилик (справа от здания коммунального государственного учреждения «Амангельдинская средняя школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
16	Село Карасу	улица Алашорда (справа от здания коммунального государственного учреждения «Карасуская основная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
17	Село Шубарши	улица Аксай (справа от здания коммунального государственного учреждения «Жаксыбайкольская основная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
18	Село Акжар	улица Мектеп (справа от здания коммунального государственного учреждения «Сагинская школа-сад» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»)
19	Село Косембай	улица Орталык (справа от здания фельдшерско-акушерского пункта коммунального государственного предприятия «Уилская районная больница» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актюбинской области»)

СЫНЫҚШЫ

Ғылым мен техника қаншама дамыды десек те табиғаттың бізге беймәлім құпиялары әлі де жетерлік. Соның ішінде адамның бойындағы күш-қуат қайнарының түпсіз терең құпиясы толық ашылып болған емес. Әсіресе, кешегі кеңестік солақай саясаттың дін мен ділден, тілден арамызды алшақтатуы, халықтық медицина жетістіктеріне, көріпкелдік, әулиелік қасиеттерге ескінің қалдығы ретінде қарауға дағдыландырғаны шындық. Таным-сенімнен жұрдай бірнеше буын атеист ұрпақ қалыптасты.

Алайда, осындай тыйым салуға, тосқауыл қоюға қарамастан, атадан балаға берілетін емшілік, сынықшылық, ұсталық, зергерлік қасиеттердің жіңішкерсе де үзілмей келгенін де ешкім жоққа шығара алмас. Есімі Батыс Қазақстанға кеңінен мәлім сынықшы Сүлеймен Қарабалаұлы – осындай киелі кісі, әулие адам. Оны білетініміз, біздің бала кезімізден елде қалыптасқан дағды ол кімде-кім бірдене мүшесін сындырып, жарақаттап алса, ғаріп болып қалса, мал екеш мал да мертігіп қалғандай жағдай болса: «Сүлеймен атаға сиынды мА екен», деген қасиетті ұғым, бұлжымас дағды болатын.

Тосын жайға тап болғандардың «атамның аруағының арқасында аман қалдық» деп жүргендерін де естігенбіз. Ойпырмай, мұндай да құдірет болады екен-ау деп іштей ойланатынбыз. Әри¬не, іш¬тей күдіктің де қылаң беріп қала¬тыны жасырын емес. Себебі де бел¬гілі. Құдай жоқ, құдіреттің бәрі ғы¬лым мен білімнің, техника мен тех¬но¬ло-гияның қолында деп өскен ұрпақтың бұлайша топшылауы да заңды. Топшылауы деп отырғанымыз, біз өзіміз сынықшы Сү¬лейменді көрген жоқпыз. Бір ақи¬қаты – сынықшы Сүлеймен сол тоталитарлық кезеңде де адамдардың аузынан түс¬педі, халықтың құрметіне бөленді. Ал, кейін өзі өмірден өткен¬нен кейін 90 және 100 жылдығы аталып, ол кісінің ерекше сынықшылық қасиеті туралы ашық айтыла бастады. Сонда барып сынықшы Сүлейменнің кім екеніне көз жетті, көңіл сенді. Сол әңгімелердің ауанынан аңғарылатыны Сүлеймен Қара¬балаұлы қасиет қонған сынықшы ғана емес, көріпкелдігі бар киелі адам.

Сонымен, біз әңгімелегелі отырған Сүлеймен кім және туа бітті сынық¬шылық қасиет қайдан тамыр тартады? Енді осы төңіректе ой өрбітелік. Мұн¬дай дерек пен дәйектерді сынықшы Сүлей¬меннің жүз жылдығы қарса¬ңын¬да оның ұлы, Марат Оспанов атындағы мемлекеттік медицина университетінің кафедра меңгерушісі, тарих ғылымда¬рының кандидаты Базарбай Сүлеймен¬ұлы құрастырған «Әкем туралы ақиқат пен аңыз» атты естелік кітаптан молынан кездестіруге болады. Осы кітап¬тағы естеліктерді сан қайталап оқыға-нымызды місе тұтпай, сынықшының үлкен ұлы Базарбайдың өзімен кез¬десіп, әңгімелесуді жөн көрдік. Қашан да салмақты қалпынан айнымайтын азамат бізді жылы қарсы алды.

Кезінде әкеміздің сынықшылық қа¬сиетін білгенімізбен көп нәрсені тәп¬тіштеп сұрап, хатқа түсіріп алуды ойламаппыз. Кейін тоқсан жылдығы аталып өтер кезде көзін көргендер әкем туралы кітап шығару туралы ой тастады. Сол кезде шығарылған дүние ғой деп біздің қолымыздағы кітапқа көз қиығын жүгіртті. Әңгіме желісі Сү-леймен атаның өміріне ауысқанда ғана өзі білетін жәйттерді жүйелей әң¬гімеледі.

– Менің арғы атам Қалабай да, өз атам Қарабала да шипасы халқына тиген сынықшы, аруақты адамдар бол¬ған. Әріден жеткен әңгімелерді тірілт¬сек, атам Қалабайдың төсінде мүйізі ме, сүйелі ме болған. Сол мүйізіне кіш¬кене кәрі жылан оралып жатқан деседі. Керегеде қара домбырасы ілулі тұрады екен, сол домбырасы біреу ауырып келе жатқанда дыбыс шығарып білдіреді екен. Атамыз жайлауға көшкенде өзі үлкен ақ ордасын арбаға тігіп, ал ұлдары киіз үйлерін екі қанатына тігеді екен. Сырқат адамдар атамыздың ақ ордасының сыртына келіп түнесе жазылып кетеді дегенді көнекөз қарт¬тардан естіп өстік. Сынықтан басқа ауруларға да шипасы тиген. Сол сияқ¬ты Қарабала атамыз да үлкен сы¬нықшы, қасиетті адам болған деседі, бірақ атамыз дүниеден ертерек өтсе керек. Әкеміз жетім қалып, Ойылдағы Микол деген байдың бұзауын баққанда жеті жасар бала екен, – дейді Базарбай ағамыз өткенді есінде тағы бір жаң¬ғыртып.

Сүлеймен Қарабалаұлының арғы аталары қазіргі Атырау облысының Қызылқоға, Жылой, Миялы деген жерлерін жайлаған. Кейін 1880-1890 жылдары Ойыл ауданының Қаратал, Ақмешіт деген жерлеріне қоныс аудар¬ған сыңайлы. Сондықтан да Сүлеймен Қарабалаұлы 1907 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келген деген бір дерек бар. Ал, 1987 жылы тоқсаннан асып қайтыс болған Бәтима Дүйсенқызының айтуынша, Қаратал ауылының батысында Ойыл өзенінің арғы бетіндегі Ақмешіт деген жерде өмірге келген. Ақмешіт те әулие жерленген киелі жер көрінеді. Қарабаланың балалары тұрмағандық¬тан Сүлеймен ата дүниеге келгенде оны жерошақтың және жеті әйелдің бұтынан өткізіп қазақы ырым жасап¬ты-мыс. Ал Қызылқоға ауданында дү¬ниеге келген дегенге келсек, сол уа¬қытта ол жерлер Ойыл ауданына қа¬раған болуы керек. Ақтөбе энциклопедиясының 496-бетінде (Ақтөбе, 2001 жыл) осы киелі адам туралы «Сү¬леймен Қарабалаұлы – белгілі емші-сынықшы. Әулие атанған, тұрғылықты жерде халықтық дәстүрлі медицинаны кеңінен өрістетіп, нәтижелі ем жасаған, республикамыздың батыс өңірі ерекше құрмет тұтады» деген бір ауыз ғана дерек бар.

Жалпы шежірені таратып айтқанда Қалабайдың алты баласы болған, Қа¬рабаладан Құрманша, Сүлеймен, Ғаб¬бас деген қыз-ұлдары тарайды, Сү¬лей¬мен қожа таз руының ауқатты адамы Бытық дегеннің Ұштап атты қызына үйленеді. Олардан Шарипа, Айсұлу, Қалимаш, Тойлаш, Базар¬бай, Сапар, Балдай, Жандай, Саламат деген ұл-қыз¬дары өрбиді. Ұштап көз көргендердің айтуынша, сынықшы Сү¬лейменнің басына қара бұлт төніп тағ¬дыры талқыға түскенде де, соғыстан кейінгі ауыртпалықты жыл¬дарда да, жолдасы төсек тартып жатқанда да қиындықтарға мойымай, әулиенің жары деген атаққа сай ке¬лімді-кетімді қонағына дастарқанын жайып, ықылас-ниетін ізгілікке ба¬ғыш¬таған жан болыпты. 1997 жылы әулиеден кейін 27 жыл өмір сүріп, балалары мен немерелерінің қызығын көріп дүние салған.

Сүлеймен атаның өмір жолы да тақтайдай тегіс болмаған. Еліміздегі қоғамдық өзгерістердің теперішін бір кісідей-ақ көрген. Отызыншы жылдары жас жігіт Сүлеймен де кеңестік құрылысқа араласады, алғашқыда ха¬лық милициясы құрамында болады. Кейіннен комсомолға кіруге келгенде одан бас тартса керек, сонан соң оны милиция құрамынан шығарып жібе¬реді. Мүмкін кеңестік айда шап баске¬серлікті ұнатпады, болмаса, бойындағы ерекше көріпкелдік қасиет бірдеңені сездірді, әйтеуір, бұл жағы белгісіз. Мі¬не, осы бір оқиға жаппай қуғын-сүргін кезінде қасиетті жанның басына бәле болып жабысады. Оған сәл кейінірек ораламыз.

– Қазақ сынған, шыққан сүйекті салуға машықтанғандарды оташы, сы¬нықшы деп атаған. Қазақта ондайлар аз болмаған. Әртүрлі барымта-сырымталарда, ұрыс-қақтығыстарда, ат шабыстарында және қазақ тұрмысына тән басқа да жағдайларда жарақаттану жиі кездесетіндіктен сынықшылық кең тараған болуы керек. Қазақ сынық¬шылары туралы орыс зерттеушілері А.Левшин, А. Ягмин, Н. Зеланд, А. Алектеров, В. Ненецкий және басқалары тамсана жазған, қанмен бітетін құді¬ретті қасиетке таңқалған. Қазақтың халық медицинасының әлі де болса құпиялары көп, ғылымда белгісіз жақ-тары мол. Кеңестік кезеңде бұл мәсе¬лені зерттеу партиялық идеоло-гияға қайшы келеді деген желеумен тоқырап қалды. Мұның есесін енді толтырар кез келді. Еліміздің ғылымы мен медицинасы халықтық сынықшы¬лық, ем¬шілік қасиеттерді жан-жақты зерттеуге ден қояды деп ойлаймын, – дейді Базарбай бауырымыз.

Бұл кісіге сынықшылық киелі қа¬сиет 25 жасында қонған. Бір ғажабы, ол сынықты ұстап салмаған, сүйегі сынған адамның жас ерекшелігін, ден¬саулығын ескеретін болуы керек, бәлен күнде жазылып кетесің деп серттеп, тәртіп беретін болған және сол талабын орындамаған адамдарға қайтып менің алдыма келмеңіз деп ескертеді екен. Әсіресе, жарақаттанған адамның отбасында ұрыс-керіс болмауын, тары жемеуін, «ащы» судан ұрттамауын қа¬дап тапсыратын көрінеді. Соған қарағанда, өте қуатты тағам сү¬йек¬тің бітіп кетуіне кедергі болатынға ұқсайды.

Комсомолға өтпей, милиция қата¬рынан шыққаны бар, оған қосымша елдегі аурулар дәрігерлерден гөрі ем¬ші-сынықшы Сүлейменді қолай көреді деген ұзынқұлақтан жеткен өсек бар, әйтеуір қуғын-сүргін құрығына бұл кісі де ілігеді. 1937 жылы оны бауыры Қанапиямен бірге жазықсыз жала жауып, отыздан астам ойылдық азаматтармен 150 шақырым жердегі Шұбарқұ¬дық стансасына дейін жаяу айдап, кейін оларды Ақтөбе қаласы маңын¬дағы Түйетөбеде атқан. Қазақта «Қы¬рық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Осы қан-қасапта Сүлеймен Қарабалаұлы ғайыптан атылудан аман қалады, қатаң тәртіппен жазаланып, Свердлов жақта 10 жыл жазасын өтейді, сол жерде соғыс аяқ¬талғанша ауыр жұмыстарға жегіліп, азап¬ты күндерді бастан кешеді. Ату жазасынан қалай аман қалды, кейін тексергенде ағасы Қанапияның ату жазасына кесілгендігі жөніндегі ісі ҰҚК-де сақталса да, ол кісінің ісі табылмауы қалай? Бұл да құпиясын ішіне бүккен бір жұмбақ жай.

Сүлеймен атаның осы бір айдау¬дағы кезеңі жайында ойылдық Айса Суқашев мынадай естелік жазып қалдырған. Бірде: «Жиен аға, 10 жыл түрмеде отырып келіпсіз, әулиеліктің арқасында көп бейнет көрмеген боларсыз», деп естіген бір әңгіменің шетін қозғап едім. Ол кісі біреуден естіген дәл болмайды, сұрап қалдың ғой, өз аузымнан есті деді.

«Сүлеймен деген әулие шықты, адамдар дәрігерге көрінуді қойды, емханаға науқастар аз келетін болып барады деген желеумен мені тұтқын¬дап, 10 жылға соттады. Қазақша айт¬қан¬да итжеккенге айдалдым. Тайгада лагерьде болып ағаш кестік, сөйтіп жүргенде соғыс басталып кетті, көзі ашық адамдар майданға жіберуді өтініп арыздар беріп жатты. Лагерьдің басшылары өз жұмыстарымен болып, сауық-сайран құратынды шығарды. Бірде біреуінің туған күнін тойлап ат жарыс жасады. Лагерь ат жарыс өт¬кізуге қолайлы, себебі лагерь іші жа¬зық дала. Лагерь бастығының аты кесілген ағаш түбіріне сүрініп құлап, ат үстіндегі бастықтың аяғы сынып, қатты жарақат алды. Сынық жанына батып шыдай алмай жатыр деген хабар маған да жетті. Лагерь бастығына жаным қатты ашыды, адам баласы ғой, аяп кеттім, денем құрысып, аруағым ұстап, қол ұшымды бергім келді де тұрды. Комиссар сасқалақтап, не істерін білмей, жоғарыға хабарлауға үлкен бастықтан именіп отырыпты. Менің түр-түсімді көрген бір оқыған азамат: «Сізде өзгеріс бар ғой, ол не нәрсе?» деп сұрады. Мен сынықшы екенімді айтып, ауырып жатқан адамға жәрдем бергім келетінін білдірдім. Ол адам мені дереу ертіп алып, комиссарға келіп істі баяндады. Не істерін білмей сасып отырған комиссар зарлап жатқан адамға алып келді. Мен аяғы сынып жатқан адамның үстінен қолымды жайлап жүргізіп өттім. Сынықтың сытыр-сытыр етіп орнына түсіп жатқаны маған естіліп тұрды. Бүкіл дененің үстіне қолымды жүргізіп болғаннан кейін жасы нешеде деп сұрадым. Олар маған жасын айтты, дұрыс жазылып шықсын десеңдер пәлен күн жатсын дедім. Ол қазір ұйықтайды деп, өзі оянғанша тұрғызбауларын ескертіп кет¬тім. Аяғы сынған адам бір тәулік ұйықтапты және мен жазылдым, тұра¬мын десе керек. Комиссар менің тапсырмам бойынша тұрғызбапты. Лагерь бастығы құлан-таза жазылды. Бір күні шақырып жатыр деген соң, кабинетіне барсам, комиссар екеуі отыр екен. Мен ол кезде суырылып сөйлемегенмен, орысшаны жақсы түсі¬немін. Дегенмен, олар мені алғашқыда ертіп апарған сауатты азаматты да алдырды. Лагерь бастығы не тілегің бар, соны айт, не айтсаң да қолдан келетінді жасаймын деді. Мен сотталып жүрсем де елдің азаматымын ғой, Отанды қор¬ғағым келеді дедім. «Майданға жібере алмаймын, қаңғырған оқ тиіп өліп кетсең, мен сенің семьяңның алдында кінәлі боламын. Егер қаласаң, менің қолым¬нан сені босату келеді», деді. Мен сотталған мерзімім бітпей түрме¬ден кетпеймін, себебі босап елге бар¬ғаным¬мен әулиелігің арқасында келдің деп қайта соттап жіберуі мүмкін дедім. Сонымен, оның маған жасаған жақсы¬лығы лагерьдің ішінде еркін жүретін болдым. Мені десятник сияқты жұмыс-қа тағайындап, еңбекақы есептеп отырды. Мерзімім бітіп босағанда сол ақшаны қолыма берді», деп аяқтады сынықшы аға әңгімесін» - деп жазады Айса Суқашев. Артық сөзі жоқ, сыпайы, кісіге жылы шырай беріп тұра¬тын сынықшы Сүлейменнің, көп жылдар партия-кеңес қызметінде болған марқұм Айса Суқашевтің де артық сөзге бармайтын, өтірік-өсекке жоламайтын таза да имандылығы мол жандар екенін ескерер болсақ, бұл әңгі¬менің шын екеніне шүбә жоқ.

Сүлеймен атаның тағы бір жерлесі марқұм Түрікпен Сұлтанов: «…Бірінші хатшы Байсалбай Жолмырзаев Сүлей¬мен туралы арнайы хат жазып, Мәс¬кеуге жолдайды. Осы хабар бойынша, бір күні бір профессор келеді. Бірнеше адам жиналып, Сүлеймен ағайға ертіп бардық. Үйінің қасында екі баспақ жайылып жүрген-ді. Профессор екеуін де жардан итергізді. Сүлеймен ағай екеуінің де аяқтары сынғанын анықтап, жігіттерін шақырып, дереу шен сал-ғызды. Шай ішіп, тамақ жеп далаға шыққан қонақтар манағы екі баспақ¬тың түк болмағандай жайылып жүр¬генін көреді. Мәскеуден келген профессор «фельдшер-сынықшы» деген құжат беріп аттанған-ды» - депті естелігінде. Бұл кісі де көп жылдар ішкі істер саласында абыройлы қызмет еткен. Бөгде сөзбен беделін былғамайтын адам. Яғни, «халық айтса, қалт айтпайды» - дегендей сынықшының кереметтігін тамсана әңгімелейтіндер қатары мол. Мұның өзі ол кісінің қасиет дарыған жан екеніне иландыра түседі (Б.Сү¬лей¬менов. «Әкем туралы ақиқат пен аңыз», Ақтөбе, 2007 жыл).

– Әкем сүйегі сынған, жарақат¬тан¬ған адамның өзі немесе хабаршысы келе жатқанда іштей сезініп, дегбірсіз¬деніп отыратын. Айтқандайын-ақ, ол кісі мазасызданса осындай жағдай болатын. Келген адамға мерзімін серттеп, отбасында ұрыс-керіс болмауын, тары жемеуін қадап тапсыратын, арақ іш¬пеуін міндеттейтін. Ол кісінің ерекше бір қасиеті адамның, жан-жануардың сынығын салғанда қолымен ұстамай, кейде назарын да салмай-ақ сынық сүйектерді жіптіктей етіп орнына түсіріп, сауықтырып жіберетіні дер едім. Жалпы үйде өте сабырлы, жайлы болды, балалары біздерге дейін қатты сөйлемейтін. Айдаудан кейін суармада звено жетекшісі болып 23 жыл абыройлы жұмыс істеді, басшылар да, басқалар да ол кісімен санасып отыратын. Адал, еңбекқор адам болды. Бізді де солай тәрбиеледі. Бір қызығы, бау-бақша өнімдері біздің жақта жеңсік қой, соған қарамастан, оның бақша¬лығына ешкім тиіспейді екен. Ал, өзі қолы ашық болды, бақша өнімдері піскен соң ауыл-аймаққа ауыз тигізіп риза болатын, бақшалыққа келген¬дердің қолын қақпайтын, – дейді Базарбай ағамыз әкесін бір сәт еске алып.

Осы бір жаны таза әулие кісінің көзін көргендер оның сынықшылық және көріпкелдік қасиетін аңызға бергісіз қылып еске алады. Ойылдық Сара Тұрғамбекова өзінің әкесі Сү¬лейменмен құрдас болғанын, бірде алыстан қолын көтеріп амандасып өте шыққанын, үйге келген соң кенеттен оң қолын абайсызда шығарып алғанын айтады. Жаны мұрнының ұшына келген әкесі қызын сол кезде ауруханада жатқан сынықшы құрдасына жұм¬сай¬ды. Алайда, оны өзі келсін деп қай¬тарып жібереді. Сара апай Сүлей¬меннің әкесіне қалжыңдап, «Қалай, жүре амандасқан, аурудың халін сау білмес болар ма» «көтер қолыңды» деп бұйырғанын өз құлағымен естіген. Әкесі қолын көтерген бойда сырт етіп орнына түседі. Мұны әулиелік, кие¬лілік демеуге бола ма.

– 1976 жылы қалаға көшіп келдім. Балаларыма Сүлеймен ата туралы білетінімді айтып отыратынмын. Әлі¬бек деген ұлыма жылап болмаған соң мотоцикл сатып алып берген едім. Сол бала көшеде екі машинаның арасында қалып қойып, тобығы екі жерден сынды, сүйегі күл-талқан болды. Қатар¬дағы дәрігерлер оны емдеуге жү¬рек-сініп, ғылым докторы, атақты хирургті шақырады. Мен ол кісінің аты-жөнін қазір ұмытып қалдым. Ол кісі опера¬ция¬дан шығып, бізге былай деді.

– Мен осы мамандықта отыз жылдай қызмет жасадым. Бүгін өмірімде бол¬ма¬ған жағдайға кездестім. Майда сүйек¬терді ұстасам болды, олар орындарына өз-өзінен сатырлап түсе береді. Мұндай ғажап жағдайға ерекше таңқалдым, – деді. Кейін балам: «Жығыл-ғанда, Сү¬леймен ата, сақтай гөр, дедім. Сосын¬ғысын білмеймін», – деді. Сүлей¬мен ата¬ның жерлесі Ерген Өтеп¬бер¬генов осылайша еске алады ол кісіні.

Мотоциклмен машинаға соқтығы¬сып жарақаттанған екі адамның сы-нықшы Сүлейменге сыйынғаны, жиырма екі күнде аяғына тұрып жүріп кеткені де, ал дәрігерге барғаны, алты ай ауруханада жатып шыққаны да аңызға бергісіз әңгіме арқауы. Ұлы Отан со¬ғысынан бұрын жіліншігі сынып, шор боп біткеніне алты жыл болған аты-раулық азаматтың сынған жілін¬шігін итбалықтың майымен сылап, он күн бойы емдеп, сынған сүйектерін орын-орындарына салып, ай бойы тө¬секте жатуға кеңес береді. Келесі жылы сол азамат аяғын тік басып, Сү¬леймен атаға алғысын жаудырып кете¬ді. Ал, туған келіні, мотоциклден құ¬лап, мойын омыртқасы сынған қы¬зылқоғалық жеті жасар баланың ата¬ның құлпы¬тасын құшақтап жылап «Атеке, маған көмектесші» деп сиынып үш рет кел¬генін, соңғы келгенінде басының жақ¬сарғанын, қолымен кесені ұстайтынын, аяғын тіреп басуға жара-ғанын айтып, атасының аруағына риза болып ат¬танғанын ұмытпайды. Біздің келтіріп отырғанымыз сынықшы Сү¬лей¬меннің шапағаты тиіп, алған жа¬рақаттан, зақым¬данған сүйектерінің жазылып кеткендерінің мыңнан бірер мысалдары ғана. Ауыл арасындағы сүйектері сынған, қолы, тобығы шы¬ғып кеткен¬дерді емдеп жазғаны қан¬шама. Ал, сиыры, аты мертіккенде де қатарға қосып жібергендері де жетер¬лік. Сондықтан болар оның сынықты салу қасиетіне мынау деген дәрігер¬лердің өзі таңқалады екен. Бұны біз әңгімелес¬кен¬дердің бәрі айтады. Сы¬нықшының атақ-даңқ, байлық құма¬ғанына тағы бір дәлел ол кісі қазіргі қайткенде де өзін жарнамалауға құмар емшілер сияқты алдына келіп жазылып кеткендердің тізімін алып, тілегін жаздырып, хаттап отыруға құлықты болмапты. Және оны қажет деп санамаса да керек. Бұл да қасиет қонған жанның қарапайым¬ды¬лығы, адалдығы, адам¬гер¬шілігі екені сөзсіз.

Философия ғылымдарының докторы, ҚР әлеуметтік ғылымдар академия¬сының академигі Алтай Тайжанов атаның ғылымда әлі зерттелмеген ерекше қабілетінің болғанына тоқтала келіп, «…Бірақ, өкінішке орай, кезінде де, қазіргі уақытта да ешқандай ғы¬лым-білімнің күші келмейтін, жараты¬лыстың құдіретімен табиғи бойға біт¬кен өзгеше қасиетті мұндай кісілердің «құпиясын» зерттеу елімізде әлі қолға алынған жоқ. Алайда, ондай зерттеулерге деген ұмтылыс әлемдік практикада бар. Бұл мәселе, оларда бірде жалпы тіршілік иелерінің мәңгілік өмір сыры туралы болса, бірде өмір мен өлім диалектикасы, өлім даналығы – танатасофия бағытында қарастырылуда. Әйгілі американдық фантаст Артур Клари 2090 жылы адамзат қартаю процесін тоқтататынына сенімді. Ал, Сүлеймен ата сынды күрделі тұлғаларды тану үшін біздің бұрынғы идеализм тұрғы¬сынан таныған философиялық жүйеміз де, таным процесіндегі әдістеріміз де таршылық етері сөзсіз. Ендеше бұл мәселеде де жаңа бағыт, жаңаша та¬ным-түсінікке ойысуымыз керек, деп тұжырымдайды (А.Тайжанов, Сүлей¬мен ата: қасиет пен қабілет. Облыстық «Ақтөбе» газеті. 13 қыр¬күйек 2007 жыл.)

Сынықшы Сүлеймен адал, кісіге жылы шырай танытып тұратын мейір¬бан адам болған. Оның көзі өткір, адамға назары түссе, ішіңдегіні көріп отырғандай әсер ететін, сондықтан көбіне кісіге тесіліп қарамайды екен.

Сынықты салып, ауруды емдегені үшін берген адамдардың орамалын сол ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларына, болмаса, қасында отырғандарға үлестіріп беріп жүре беретін көрінеді. Атаның сынықшылығынан басқа көріпкелдігі де керемет. Ол жәйлі де көптеген деректер келтіруге болады. Оның тұсынан өтіп бара жатқан ма¬шинаның кенеттен тұрып қалуы, өзі отырған соң жүріп кетуі адам сенгісіз шындық. Өз ауылының танымал жыл¬қышысына «сен, атқа мінуді қой, ажа¬лың аттан болады деуі және сол айт-қанының айдай келуі, аяғы сынған жігітке арағыңды қоймасаң сүрінді¬ремін деуі, оның шыдамсыздық танытып ақаңды бастап кетуі, бітіп қалған аяқ сүйегінің қайта ауырып, сүрініп үйіне әрең жетуі, содан кейін сы¬нықшыдан кешірім сұрап, ащы сумен өз еркімен қоштасуы ғажап емес деп көр. Сынықшы Сүлеймен төсек тартып жатып, өзінің қашан өмірден озатынын да болжап кетіпті. Сондай-ақ, алда-жалда о дүниелік болсам, бейітімді төрт құлақты қылыңдар деп тапсырыпты. Қауымнан елу метрдей жерге, жалғыз теректің жанына бір бөлмелі үй тұрғызыңдар, ішіне киіз жайып, шам қойыңдар деп өсиет етіпті. Ұрпақтары осы өсиеттерінің бәрін орындады.

Атадан балаға жалғасып келе жат¬қан сынықшылық кейінгі ұрпақ-тарына қон¬ды ма дегенге келсек, қанмен бері¬летін қасиет үзілмек емес. Сүле¬кеңнің қызы Шәрипа да осындай қа¬сиетке ие. Ал, Базарбайдың ұлы Аян жоғары білімді травматолог дәрігер. Қазір сү-йектері сынған адамдарға медици¬налық көмегін көрсетіп келеді. Шыны керек, атасының аруағы қолдап жүрген болар, қолы шипалы, салған сүйектері тез жетіліп, жерлестерінің алғысына бөленуде.

Сынықшы Сүлеймен туралы жазбақ болып, біз де Қараталға барып, атаның қара шаңырағын ұстап отырған Сапар¬дың отбасында болып әңгімелестік.

– Түнемелік үйге бас-көз болып қоямыз. Келімді-кетімді ауруларға жөн сілтейміз. Басқалай көп араласпаймыз. Әкем үйге жайлы, ашу шақырмайтын, еңбектің адамы болды. Ол сынық¬шылықты нәсіп етуден аулақ болды, қайта ауруға шипам тисе, алғысын алсам, батасын берсе, болғаны деп отыратын, деген еді сол кезде Қараталдағы қара ша¬ңырақты ұстап отырған Сапар. Бұл пікірді жиені Мыңжасардың да аузынан естідік. Жан-жағына шуағын шашып жүретін қасиетті қарт жайлы кімнен сұрасаң да осындай ой түйеді, қайырымдылығы мен кісілігін бірінші ауызға алады. Мұның өзі де кі¬шіпейілділіктің, адами имандылықтың белгісі. Бұл үйді Сүлекең өз қолымен тұрғызғандықтан алыс-жақындағы ұр¬пақтарына өте ыстық, сондықтан мұн¬да ат басын бұрғандары осында жиналуы бұлжымас қағида. Біз де ауылдың сыртындағы ата басына барып, құран бағыштадық. Осында бет алғанымызда жолбасшымыз сол уақыттағы аудандық мәс¬лихаттың бөлім бастығы Бөкен Жантолы: «Бір ғажабы Сүлекеңнің қара¬пайымдылығы ғой, қаншалықты халқы ұлықтап, құрметтегенмен бе¬йітін де ешкімнен ерекшелендірмеуді тапсырыпты, ал, қабірінің үстіне өзі шыққан ағашты көрсеңіз еріксіз таңда¬на¬сыз», деген еді. Айтқандай-ақ, төрт құ¬лақты бәйітті көмкеріп ағаш өсіп тұр.

Аруақты атаның түнемелік үйінің жанынан тағы бір жаңа үй тұрғы-зылыпты. Бұл сынықшы Сүлейменнің басына зиярат етіп, ауруына шипа із¬деп сиынып келушілердің қатары кө¬беймесе, азаймағанын ескергендік екен. Батыс Қазақстанды былай қой¬ғанда, еліміздің түкпір-түкпірінен, тіп¬¬ті Ресейден де сыйынып келушілер бар көрінеді. Міне, «жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді» дегенді осындайда айтса керек. Сынықшылы¬ғы¬мен, әулие-кө¬ріп¬келдігімен көптің кө-ңілінде қалған жанның қасиетті адам екендігіне бұдан артық қандай дәлел керек. Біздің өңір¬де бір жері сынған, мертіккен адамның аузына «Сүлекеме си¬ын¬дым»деген сөз түсетіні қа¬лып¬тасқан дағды. Бұл кешегі кеңестік кезеңнің құрсаулы саясат ұстанған кезінде де тоқтаған емес, қазір де жалғасуда. Халық қадірлейтін, қасиет тұтатын сы¬нықшы Сүлейменнің әзірге бізге мәлім кейбір қырлары осындай. Бұл құпиясы бойында кеткен әулие адам екенінде сөз жоқ. Мұндай қа¬сиеттер екінің біріне қона да бер¬мейді Сондықтан да Сүлейменді елі¬міз¬дің батыс өңірінің халқы сынықшы ғана емес, көріпкел әулие адам деп пір тұтады.

Сатыбалды СӘУІРБАЙ,
Ақтөбе қаласы.
2010 жыл.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1416
Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ – ЕРТЕҢГЕ БАҒДАР

Өткен апта аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ақшатау, Қаракемер елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Тұрғындармен кездесу жиынына аудан прокуроры Нұрлыбек Жолаев пен бірқатар мекеме басшылары қатынасты. Онда алдымен аудан басшысы 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жан-жақты мәлімет берді. Сонымен қатар ауыл тұрғындарын тазалық жұмыстарына белсенділік танытуға шақырды.

Қаракемер ауылының тұрғындары электр бағаналары мен желілерін жаңалау, көшелерді жарықтандыру мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, Ақшатау мен Қаракемер ауылының тұрғындары ауылда бұралқы иттердің қаптап кеткеніне де назар аударуды сұрайды. Оған жауап берген Ақтөбе облысы ветеринариялық басқармасы Ойыл аудандық филиалы бас маманы Арсланбек Алдияров бұралқы иттерді ұстау-бағу, аулау тәртіптерін түсіндіріп өтті. Тұрғындармен кездесуде ауылдың тазалығы, малдың күтімі, жол қатынасы сынды мәселелерді де көтерді.

Кездесуден соң, аудан басшысы екі ауылда да тұрғындарды жеке сауалдарымен қабылдады. Жеке қабылдауға бірқатар мекеме басшылары да қатысты.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл- Ақшатау- Қаракемер- Ойыл.

ЕҢБЕК ЖӘРМЕҢКЕСІ 134 АДАМҒА ЖОЛДАМА БЕРДІ

Өткен жұма күні аудандық мәдениет үйінде аудандық жұмыспен қамту орталғының ұйымдастыруымен еңбек жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге 145 жұмыс орны ұсынылды. Еңбек жәрмеңкесін ашқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев халықты жұмыспен қамту бағытындағы атқарылған жұмыстарға тоқталса, аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Аралбай Жолдыбаев маусымдық жұмыс іздегендерге еңбек тәртібі мен талаптарды түсіндірді.

Олардың ішінде 122-і жылыту маусымының басталуына орай мекемелер мен әлеуметтік нысандардың операторлығына сұраныс болса, 12 мектепке киім ілуші қажет екен. 14 орын әртүрлі мамандықтарға ұсынылды. Бұлардың басым көпшілігі шаруашылықтардың өтініші. Сонымен қатар, екі шаруа қожалығынан отбасылы малшыға сұраныс түсіпті. Алайда, соңғы сұраныстарға ұмтылғандар болған жоқ. Яғни, жұмыс іздегендер екі қолға бір күрек таппай отырса да, мал бағуға барғысы келмейді.

С.ЫҚЫЛАС,
Ойыл селосы.

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

АУДАН ОРТАҚ ҮЙІМІЗ БОЛҒАНДЫҚТАН, ОНЫҢ КӨШЕЛЕРІНІҢ ТАЗА БОЛУЫ БҰЛ ӘРБІР ТҰРҒЫННЫҢ ЖАН-ДҮНИЕСІНІҢ АЙНАСЫ ІСПЕТТЕС САНАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ЖЫЛ САЙЫН КӨКТЕМГІ ЖӘНЕ КҮЗГІ МЕЗГІЛДЕРДЕ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ЖАРИЯЛАНЫП, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ СЕНБІЛІК ШАРАЛАРЫНА БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСУДА.

«Тазалық табалдырықтан басталады» деген ұғымды әкеміз бен анамыз қаршадайымыздан-ақ санамызға сіңірген халықпыз десек артық айтқанды болмас. Өйткені күнделікті есіктің алдынан бастап қора-қопсыны тазалау, қоқыстарды тиісті орындарға шығару, реттеу жұмыстары әдетімізге айналғаны белгілі. Қазір күзгі тазалық айлығына ауылдық округтер мен елді мекендер белсене кірісті. Әр тұрғын үйлерінің сырттарын әктеп, қоршауларын түзетсе, мекеме қызметкерлері де бұл үрдістен тыс қалған емес. Тазалық акциясына аудандық аурухана ұжымы да қызу үлестерін қосып жүр. Аурухана түрлі дертке шалдыққан науқастарды емдейтін орын болғандықтан оны таза ұстау күн тәртібіне бекітілген. Әйтсе де күз кіргелі талдар құрап, жапырақтары жайрап жатары бізге мәлім бейне. Сонымен қатар құраған шөптер, жапырағынан айырылып сұстиып қалған талдар, жаз бойы күннің көзіне түрі өңіп кеткен қоршауларда сырт көзге ерсі көрінері анық. Осындай тазалық жұмыстарына бірлесіп, жұмыла кіріскен аудандық аурухана ұжымы апта сайын сенбілік жұмыстарын жүргізуде. Бірі егілген көшеттерді түптеп, ағаштарды әктесе, енді бірі қоршауларды сырлау жұмыстарын жандандырып, жан-жақтың таза болуына атсалысып келеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

„BIRGE – TAZA QAZAQSTAN“

Сенбілік қоғамның назарын тазалық сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. Аудандағы барлық еңбек ұжымдары, мекемелер мен ұйымдар көше тазалығын өз ауласынан бастап, туған жерінің көркеюіне өзіндік үлестерін қосуда.

Осы орайда сенбі күні Ойыл ауданының білім бөлімінің ұжымы, білім бөліміне қарасты барлық білім беру ұйымдары, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері, аудан орталығындағы мекемелер «Birge – taza Qazaqstan» республикалық акциясына үлес қосу мақсатында мекемелерінің аумағына, іші-сыртына, ауласина, бөлінген аумақтарда тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Айта кету керек өткізілген сенбілікке 165 адам қатысып, 7 техника жұмылдырылып, барлығы - 110 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар арнайы қоқыс қалдықтарын тастайтын орындарға жеткізілді. Жалпы аудан көлемінде ұйымшылдықпен өткен тазалық акциясы алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ауданның көрікті болуын қалайтын әр адам бұл іске үлес қосуы тиіс. Қоғам тазалығын сақтау -бүгінгі күннің басты талабы және баршамызға ортақ іс.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС - АУЫЛДЫҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН...

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, БЮДЖЕТ, ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ АУДАННЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ, САРАЛЖЫН ЖӘНЕ ҚАЙЫҢДЫ ОКРУГТЕРІНДЕ ӨТТІ. ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ХАТШЫСЫ САКЕН ЗАЙМОЛДИН, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІНІҢ ӨКІЛІ ҚАТЫСТЫ.

Көшпелі кеңесте ауылдық округ әкімдері депутаттар алдында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Әсіресе, «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» қағидалары мен аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 27 тамыздағы №70 «Ойыл ауданы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» шешімдерінің орындалу барысы тыңдалды.

Мәселен, Ш.Берсиев атындағы ауылдық оркуг әкімі Әділбек Ізбасов аталған қағиданы орындауға қауқарсыздық танытып отыр. Олай дейтініміз, басқа елді-мекендерді айтпағанда, округтің орталығында да тұрғындардың сауын малдарын бағу ұйымдастырылмай отыр. Яғни, жайылымды тиімді пайдалану туралы талап жайына қалды деген сөз. Өйткені, бұл округте тұрғындардың малының өрісінің тапшылығы бар. Шаруашылықтардың жері ауылдың іргесіне тіреліп тұр. Сондықтан, қағиданы орындау арқылы тұйықтан шығуға болады. Бірақ, күтусіз бетімен жайылған мал талапты орындауға мүмкіндік бермей тұр. Осыдан кейін «Ерте барсам, жерімді жеп қоямын деп, Ықтырмамен күзеуде кім отырады?»

Саралжын ауылдық округінде мәселе нақты қолға алынғаны көрініп тұр. Ауылдың малы күтумен бағылады. Тәртіп бар жерде талапты талқылау артық. Рас, Қайыңдыда жайылым тапшылығы жоқ. Бірақ, бұл малды бағусыз бетімен жіберуге болады деген сөз емес. Өйткені, орындалуы тиіс арнаулы қағида бар.

Көшпелі кеңесте округ әкімдері Ақтөбе облыстық мәслихатының «Ақтөбе облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары», «Ақтөбе облысы бойынша жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары», «Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын ұстау және серуендетудің қағидалары», «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың, абаттандырудың қағидалары», «Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қағидаларының» округ аумағында орындалу барысы жайлы да баяндады. Әрине, барлық округте де мәселе бар. «Қысқа жіптің күрмеуге келмейтіні» сияқты қаржының қолбайлау тұстары да жоқ емес.

P.S. Барлық округте де көшпелі кеңес күн тәртібіне көтерілген мәселелер бойынша қаулылар қабылдады. Аудандық мәслихаттың хатшысы Сакен Займолдин бастаған депутаттар ауылдардағы әлеуметтік нысандар мен шаруашылықтардың тынысымен танысып, ауыл ақсақалдарына арнайы сәлем берді. Қайыңды ауылдық округінде елу жылдан астам бағбандықты серік етіп келе жатқан Жоламан ақсақалдың бақшасына барды. Сексеннің үстіне шықса да көкөністің бірнеше түрін өсіретін Жоламан ақсақалдың бұрынғы «хоббиі», қазіргі ермегі – облыста қолға алынып жатқан «Ауыл аманаты» жобасын өз бетімен жүзеге асырып жатқанының шынайы көрінісі.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

„БӘРІНЕ БІРДЕЙ МҮМКІНДІК — ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ“

Қазанның екінші жексенбісі – мүгедектер күні екенін екінің бірі біле бермейді. Деректерге сүйенсек, жер шары тұрғындарының 10 пайызы мүмкіндігі шектеулі жандар. Ал, мүмкіндігі шектеулі жандар – қоғамымыздың бір бөлігі.

Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір - біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. «Жанашырлыққа - жан риза» дегендей мүмкіндігі шектеулі жандарға жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу әрбір адамның азаматтық парызы.

Мүмкіндігі шектеулі адамға жылы шырай білдіру, көңілін көтеру, демеу болу – кісіліктің белгісі. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без»,- дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсыну да биік парасаттың өлшемі.

Осы орайда өткен жұма күні «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында атаулы күнге орай арнаулы шара өтті. Мерекелік шарада аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту мақсатындағы аудандағы жұмыстарды жеткізіп, олардың ешқашан қоғамның назарынан тыс қалмайтынын айтты.

Ән-жырмен алмасқан кеште «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Үкілі үміт» клубының мүшесі Гүлсім Елекбаева лебізін білдірсе, Мейірімбек Қанибекұлы «Анашым» әнін шырқады. Кеш соңында мерекелік шараға келген қонақтарға арнаулы сыйлықтар табыс етіліп, дастархан жайылып, дәм ұсынылды.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

Құттықтау

Ойыл селосының тұрғыны, біздің аяулы ұстазымыз Ерік Нұрсұлтанұлы Базаровты мерейлі 60 жасымен құттықтаймыз!

Жеттіңіз Сіз де 60-тың
асқарына,
Үлгі болып Ойылдың
жастарына,
Ұстаздық еңбегіңіз
ерен енді,
Уақыт деген шапшаң еді,
қас-қағым, ә!
Әкелік ақыл, ағалық
қамқор көңілі,
Қызықты шақтар – қайнаған
өмір көрігі.
Қуансақ біздер, қуанған бірге балаша,
Өнеге толы ағайдың бізге өмірі!
Білімнің сусындадық теңізінен.
Шәкіртпіз асыр салған жер төсінде,
Нәр алып Сіздің әр лебізіңізден.
Ұрыссаң да ұмытып кеттік ертесіне!
60-тың асқарында шаттанасың,
Немере-жиендерден бақ табасың.
Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз,
Көш керуеніңіз ешқашан тоқтамасын!

Игі тілекпен: Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 2002 жылғы 11 а класының түлектері.

«ЕЛІ СҮЙСІНГЕН-ЕР ТҰЛҒА»

Сынықшы Сүлеймен ата — аймаққа аты мәшһүр үлкен әулие. Биыл әулие, халық емшісі Сүлеймен Қарабалаұлының туғанына 115 жыл толуына орай Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ұйымдастыруымен «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында тарихи-танымдық шара өтті. Шараға Сүлеймен атаның қыздары Тойлаш пен Жандай, келіні Роза және жиені Алик пен жолдасы Рита қатысып, ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдіріп, сөз сөйледі. Шәкірті Жұмабай Дайрабаев пен атаның емшілік қасиетінен шипа тапқан бірқатар ауыл ақсақалдары өз әсерлерімен бөлісті. Шара соңында аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев танымдық шараның мақсаты мен маңыздылығына тоқталып, келген қонақтарға алғысын білдірді.

«ҰСТАЗ - МӘҢГІ НҰРДЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ»

«Ұстаз» деген ұлы есімді ардақ тұтқан әрбір жан үшін оның орны ерек. Өйткені, балғын шақтан білім нәрімен сусындатып, ертеңгі күніңе шуақ нұрын төгетін де солар. Мұғалімге көрсетілетін құрмет пен ізет ешқашан толастаған емес. Қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын ұстаздардың кәсіби мерекесіне арналған мерекелік шара дәстүрлі мерекелердің бірі. Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп жүрген ұстаздардың төл мерекесіне арналған салтанатты шара өткен сәрсенбі мәдениет үйінде аталып өтті.

Алғаш болып сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы барлық ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап,

«Ұстаз деген ұлы есімді ардақтап, өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде еңбектеріңіз ұшантеңіз. Тәуелсіз еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында десек, жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуына ұстаздар қауымының еңбегі өлшеусіз екені сөзсіз. Бүгінгі мереке - ерекше мереке. Баршаңызды мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Біз сіздерге бас иіп, әрқашан құрмет көрсетеміз», - деп, білім беру саласындағы тынымсыз шығармашылық еңбегі және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстары үшін облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасын» бірқатар мұғалімге табыстады. Және өз атынан да бірнеше мұғалімге Құрмет грамотасы және шипажайға жолдама ұсынды. Одан кейін аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов ұстаздық қызметте жоғары жетістіктерге қол жеткізген педагогтарға Алғыс хатын табыстады.

Келесі кезекте мерекелік құттықтауын жеткізген ардагер ұстаз Мақсот Жабасов бүгінгі ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудегі еңбектеріне сәттілік тіледі.

Ұстаздық жол қашанда ізденіспен, шыдамдылықпен қатар биік пайым-парасатымен өрнектеледі. Бүгінгі таңда оларға қойылатын талап та жоғары, алайда педагог мәртебесін айқындайтын заң аясында ұстаздар қауымы әркез қолдауға ие болып, қол жеткізген табыстары үшін лайықты бағасын алып келеді. Осы орайда білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымының тарапынан көрсетілетін қолдаудың орын бөлек екендігі баршамызға аян. Ойыл аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподағының төрайымы Гүлмира Избағамбетова Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Құрмет грамотасын 3 мұғалімге және осы саланың облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасын 7 мұғалімге тапсырды.

Одан кейін мерекелік шараның төрінен орын алған ардагер ұстаздарға сый-құрмет көрсетілді. Жиынның соңы мерекелік концерттік бағдарламаға ұласып, ұстаздар қауымына ән мен жырдан шашу шашылды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.